

**Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы және Аягөз ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы N 01-02/37-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 12 қаңтарда N 5-6-149 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 20/149-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 15.03.2018 № 20/149-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 28.05.2014 № 25/178-V шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 381 бабына, 386 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) санаты 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша салық салуға жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге автотұрақтардың санатына қарай базалық ставкалардың мөлшері 2 қосымшаға сәйкес көбейтілсін.
3. Аягөз қаласына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық ставкаларын қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Аягөз қаласы айқындалсын.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы

А. Шакиров  
М. Темеков

Қосымша 1  
Аягөз аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 01-02/37-7 шешімімен  
бекітілген

## **Аягөз ауданы бойынша автотұрақтың түріне қарай автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Санаты
1	Жер үстіндегі жабық түрлі автотұрақтар, ашық түрлі автотұрақтар	1 санат
2	Басқа маңыздағы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа маңыздағы ғимараттың ішіне салынған автотұрақтар	2 санат
3	Ғимараттардың жер астындағы, үй астындағы, жер үстіндегі төменгі немесе цокольдық қабаттарында орналасқан автотұрақтар	3 санат

Қосымша 2  
Аягөз аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 01-02/37-7 шешімімен  
бекітілген

## **Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге салынатын салық ставкасын автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына қарай көбейту туралы**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Салық ставкасын көбейту мөлшері
1	1-санат	10 есе
2	2-санат	8 есе
3	3-санат	6 есе